

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘОЖ 821. 512. 122.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮДЕРІС ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ӨРІС
(Академик Зәки Ахметовтың «Абай жолы» қалай туған?) атты
мақаласы төңірегіндегі ойлар мен толғаныстар)

Тұрысбек Р.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.д.

Астана қ., Қазақстан

E-mail: rst58@mail.ru

Аннотация. В статье будут подробно рассмотрены фундаментальные исследования и система исследований академика З. Ахметова о мире Абая и наследии М. Ауэзова, истории написания романа-эпопеи «Путь Абая», природе автора и личности. Творчество писателя, его творчество и творчество, автор и его образ, сущность общества и социума, художественно-эстетическая цель в скульптуре персонажей, секреты описания реалий жизни раскрываются в широком смысле, на основе аргументированной точности, содержательных характеристик.

Становится очевидным, что Академик З. Ахметов глубоко погрузился в наследие и мир Абая, мир М. Ауэзова и творческую лабораторию, затронул тему абаеведения – одну из актуальных проблем литературоведения. Всестороннее раскрытие авторского и авторского образа, большое внимание к авторской подписи и почерку – способствуют глубокому признанию сущности литературного творчества. М. Ауэзов, придавая значение миру Абая и определяя место-долю наследия поэта в деле публикации, подготовки научных публикаций в период с 1933 по 1957 годы, называет значимым явлением. Серьезно изучается тематическое и художественное поле.

Ключевые слова: Абай, Ауэзов, автор, образ, искусство, стиль, слово.

Abstract. The article will consider in detail the fundamental research and research system of Academician Z. Akhmetov about the world of Abai and the legacy of M. Auezov, the history of writing the epic novel "The Way of Abai", the nature of the author and personality. The creativity of the writer, his creativity and creativity, the author and his image, the essence of society and society, the artistic and aesthetic purpose in the sculpture of characters, the secrets of describing the realities of life are revealed in a broad sense, based on reasoned accuracy, meaningful characteristics.

It becomes obvious that Academician Z. Akhmetov plunged deeply into the heritage and world of Abai, the world of M. Auezov and the creative laboratory, touched upon the topic of Abai studies – one of the urgent problems of literary studies. The comprehensive disclosure of the author's and author's image, great attention to the author's signature and handwriting – contribute to a deep recognition of the essence of literary creativity. M. Auezov, attaching importance to the world of Abai and determining the place-share of the poet's heritage in the publication, preparation of scientific publications in the period from 1933 to 1957, calls a significant phenomenon. The thematic and artistic field is being seriously studied.

Keywords: Abai, Auezov, author, image, art, style, word.

Ұлттық әдебиеттану ғылымына сүбелі үлес қосқан ғалымдар шоғыры арасында – академик Зәки Ахметовтың орын-үлесі айрықша болып табылады. Әсіресе, ел әдебиетіндегі әдеби байланыс пен даму үрдістері, дәстүр мен жаңашылдық, көркемдік кеңістігі, қазақ өлеңінің өзгешеліктері мен поэтика, терминтану мәселелерін кең түрде қарастырды. Маңызды ерекшелік ретінде, сөз жоқ қазақ өлеңінің өзіндік өзгешеліктерін, құрылымдық жүйесін кең түрде сөз еткенін айтқан жөн. Абай әлеміне еркін еніп, толық шығармалар жинағының басылымдарын дайындап, әрі құрастырып, түсініктемелерін жазды (1954, 1957, 1970, 1995).

Осылардың арасында, әсіресе тап өтер жайт, академик З.Ахметов еңбектерінде әдебиет қисындарына, терминтану мәселелеріне маңыз беріледі. Атап айтқанда, «Әдебиет терминдерін жетілдірудің зәрулігі.- ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, Әдебиет сериясы. -1996, №4. -7-12 бет; «Әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғымдар мен терминдер.- Әдебиеттану терминдерінің сөздігі.- Алматы, 1996. -4-16 бет; Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (Құраст: З.Ахметов,Т.Шаңбай).- Алматы: Ана тілі, 1996. -240 бет, т.т. ел әдебиеті, табиғаты мен тарихы, әдеби үдеріс жайы, соған қатысты атау-ұғымдар, терминдер жүйесі кең орын алады. Арғы-бергі кезеңдердегі зерттеу мен зерделеу мұраттары, әдебиеттану мен әдебиет қисындарына қатысты көзқарастар жүйесі, артық-кем тұстар да әдеби үдеріс аясында кең өріс алады. Негізгісі, терминтану табиғаты мен қағидаттарын, пән сөздерінің мақсат-мұраттарын, әдебиет қисындарының көркемдік кеңістігіндегі қызметін, қолдану аясын, мәні мен маңызын байыпты саралады.

Академик З.Ахметовтың әдебиеттану мен әдебиет қисындарына қатысты көзқарастар жиынтығы - «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» атты кітапта (құраст.З.Ахметов,Т.Шаңбай) кең көлемде көрініс табады.

Кітаптың - «Аңдату» атты алғашқы бөлігінде (жазған - З.Ахметов) терминнің мағына-ұғымына кең көлемде түсінік беріледі. Әдебиеттану мен әдебиет қисындары, ұлттық сөз өнерінің тарихи-әдеби үдерістегі орын-үлесі, поэтика мен эстетика, стилистика салаларындағы маңыз-мәні де айқындалады. Әдебиет дамуы, заңдылықтары мен ерекшеліктері, жанрлар жүйесі мен көркемдік-эстетикалық қызметі де байыпты сараланады. Қысқасы, әдебиет әлеміндегі ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйесі, тарихы мен мағынасы, көркемдік кеңістігі, әдеби-тарихи үдерістегі орны, қолданылу аясы жан-жақты сөз етіледі. Маңыздысы, автор терминдер сөздігінің маңыз-мәнінің қажеттілігімен қатар, кешегі-бүгінгі тәжірибесін, келешектегі орын үлесін жіті таразылайды. Жас ұрпаққа, салалық қызметкер-мамандарға қажеттілігін де қаперге салады. Ұтымды, ұнамды қырларын алыс-жақын елдердің осы бағыттағы еңбектері арқылы кеңінен қарастырады.

Академик З. Ахметовтың аталмыш терминдер сөздігіне енген «Әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғымдар мен терминдер» атты көлемді мақаласында ана тілі, әдеби тіл және ғылым тіліне зор маңыз беріледі.Оның маңыз-мәнін былай білдіреді: «Әдебиеттану ғылымындағы ғылыми тілдің өзіндік өзгешелігі бар. Ол әдеби тіл үлгісін де сақтайды, көркем шығарманың тіліне де жақын келеді, ғылым тіліне ортақ сипаттары да болады. Ғылыми тіл жалпыхалықтық тілдің дамуын және ғылымның өркендеуіне орайлас болып отырады» (5-бет). Орайлы тұста, ғылыми тілді дамыту, өркендету қажеттілігіне назар аударылады. Ғылыми тілге тән ойдың тереңдігі, өткірлігі, қисындылығы, дәлелді болуы, айқын да дәл жеткізу мүмкіндіктері көрсетіледі. Ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйесін дұрыс тану, мағынасы мен мазмұнын ашу, пән табиғатына қатысты белгі-ерекшеліктерін дәл де нақты көрсету қажеттілігі алуан мысал-деректермен, бірқатар салыстырулармен, зерттеу-зерделеу ісімен мәнді тұжырымдалады.

Әрбір көрініс-құбылысқа, оның атау-ұғымына өте-мөте сай келетін ғылыми анықтама, тұжырым жасалу керектігіне мән беріледі. Оны сөз жоқ, «...классификациясы, жүйесімен топтап, таратып болу» айрықша орын алады. Ол әдебиеттің танымдық, тәрбиелілік, көркемдік мәнінен көрініс береді (8 бет). Эпостық жанр түрлері (эңгіме, повесть, роман), шығарма құрылымы, кейіпкер қарым-қатынасы, поэма табиғаты мен тағылымы да әдеби-тарихи, біліми-ғылыми белгі-ерекшеліктерімен өз ара байланыста беріледі (9 бет).

Терминге берілетін анықтама, оның негізгі мән-мағынасы, басты белгі-сипаттары да дәл, нақты болуы көзделеді. Бұдан басқа атау-терминдер, ұғым-терминдер табиғатындағы шарттылық қырлары көрсетіледі. Өзіндік өзгешеліктері аталады. Ал, интернационалдық терминдер - шет тілдердегі (грек, латын, французша, т.б.) қалпын сақтайды. Көп өзгеріске ұшырамайды. Сол қалпында қолданылып, терминдік жүйесін бекіте түседі. Термин табиғаты мен жүйесі, мәні мен маңызы, қолданыс аясы кең түрде айқындалады. Бұдан байқалатыны, сөз жоқ: «Ерекше ескеретін жай - бірталай терминдердің мағынасын, олар білдіретін ғылыми ұғымдарды ғылыми-теориялық ойдың бүгінгі жеткен деңгейіне сәйкес айқындап, жаңаша

анықтама беру қажеті, сонда ғана терминдерді жетілдіру міндетін шынайы, толық мағынасында іске асыруға болады» (16 бет).

Автор зерттеу жүйесі мен тәжірибесіне сүйене отырып, жаңаша ойлауға, көзқарас білдіруге де қадам жасайды. Ол, әсіресе: «Аса маңызды мәселелердің бірі - қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби процестің өз ерекшеліктерін, ұлттық сипатын айқындайтын терминдер қалыптастыру, толықтыра түсу» екенін (21 бет) баса көрсетеді. Мұның өзі ұлттық менталитет талабы болса, әрі ел әдебиетінің даму бел-белестерінен, қазіргі әдеби үдерістің бағыт-бағдарынан да таныла түседі. Қысқасы, терминтану табиғаты, ұлттық сөз өнеріндегі орны, руханият мұратына қатысты көзқарастар жүйесі, зерттелу аясы негізінде кеңінен қарастырылады. Басты белгі-ерекшеліктері айқындалады. Зерттеу жүйесіне еркін еңсек, автор: «Поэтикада өлең құрылысына, өлең тіліне қатысты терминдер тұрақты келетіні назар аударарлық»- деп жазады (22-бет). Бұдан басқа, атап айтқанда автордың терминдер сөздігіне қатысты көзқарастарында білім-ғылым жүйесінің табиғаты мен тарихы, ой мен сөз жүйесіндегі терең иірімдері, әдеби-тілдік сипаттар, атау-ұғымдар табиғаты мен тағылымы көптеп кездеседі. Ол туралы: «Жаңа терминдер кіргізу үшін айрықша тапқырлық, талғампаздық, ғылыми ұғымдардың жүйесін, мағынасын терең түсіну қажет, логикалық қисынын, ғылыми ұғымдардың жүйесіндегі өз орнын таппаса, жаңа атау сөз бір қарағанда қанша келісті, әдемі көрінгенмен, ойдағыдай болып орнықпайды. Жаңа термин болатын сөз бір ғана жеке ұғымға сәйкес болып көрінуі өз алдына, ол сөз сол ұғымнан туындайтын, соған жалғас басқа ұғымдарға да сәйкес келіп, сол ұғымның сан алуан мағыналылық қырларын да дәл көрсете алса, әсіресе ұтымды болады» деп термин табиғаты мен тағылымын, тәлімді тәжірибесін мәнді қорытады (24 бет).

Шығармашылық үдеріс мәні жазушы еңбегі мен көркемдік кеңістік арнасында айрықша орынды иемденеді. Автор мен туынды табиғаты, тақырыптық ерекшелік пен жанр жүйесі, көркемдік һәм эстетикалық сипаттар, мәтін құбылысы мен детальдік өзгешеліктер, ой-сөз мәні, тілдік-стильдік қабаттар да шығармашылық үдеріс аясында бірқатар маңызды қызметтер атқарады. Бұл, әсіресе жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс мәнін айқындағанда, қолтаңба мен қолжазба қырларын ашуда, жанр жүйесі мен көркемдік кеңістік құбылыстарын, деталь мен монолог, ой-сөз, тіл-стиль сипаттарын зерттеп-зерделеу ісінде де айрықша мәнге ие болады.

Осы орайда, академик Зәки Ахметовтың әдеби-зерттеу еңбектеріне жіті ден қойсақ, Абай әлемі мен М.Әуезов туралы іргелі ізденістер жасап, әр алуан бағытта қарастырып, зейінді зерделеп, байыпты саралап, ерен еңбек еткенін аңғарар едік (мысалы, «Қазақтың бас ақыны», «Абай және Әуезов», «Виликий поэт и мыслитель», «Лермонтов и Абай», «Пушкин и Абай», «Тургенев и Абай», «Абай шығармаларының орысша аудармалары хақында», «Абайдың ақындық әлемі», «Абай жолы» қалай туған?», «Роман-эпопея М.Ауэзова», «Даналық шыңы», «М.Әуезов және әлем әдебиеті» т.т.).

Анығында, Абай мұрасы мен М.Әуезов шығармашылығына еркін еніп, дарын дидары мен табиғатын, тақырыптық ерекшелікті, жанр жүйесі мен көркемдік кеңістігін, қаһарман бейнесі мен түптұлға (прототип) тағылымын, мұрағат материалын, әдеби-тарихи дереккөздерін өзара салыстырып, мән-маңызын кең түрде ашатыны, жан-жақты саралап, өзекті мәселелерін зерттеп-зерделеп, маңызды аспектілерге, әдеби-ғылыми теориялық қисындарға назар аударатыны терең танылады. Бұдан басқа, атап айтқанда: «...З.Ахметовтың әдебиет теориясы, поэтика, өлең құрылысы мен өлең жүйесі, абайтану мен әуезовтану, қазақ әдебиеті тарихы мәселелерін зерделеген зерттеулерінің мән-маңызы күн өткен сайын арта түсуде» [1.102].

Аталған жайттардың қай-қайсының да маңызы жоғары, әрі қазіргі әдебиеттанудың даму үрдістері мен өзекті аспектілерін айқындауда құндылық қырлары басым екенін айтқан жөн. Бұған көз жеткізу үшін академик З.Ахметовтың «Абай жолы» қалай туған?» атты мақаласына, зерттеу жүйесіне, талдау ісіне мән берудің қажеттілігі бар дер едік [2].

Ақиқатында, мақала авторы Абай әлемі мен М.Әуезов мұрасына мән беріп, қолжазба мен кітап арасындағы байланыс-сабақтастыққа, зерттеу мен зерделеу жүйесіне ден қояды.

Автор бастапқы тұста: «Мұхтар Әуезовтің қолжазба архивімен танысқанымызда, жазушының қолында баспа бетін көрмеген жазба деректері аз болғанымен, Абайды көрген, айналасында өмір сүрген көптеген адамдардан ұлы ақын туралы, оның ортасы туралы, сол заманғы ірілі-ұсақты оқиғалар жайында айтып қалдырған естелік материалдарының мол болғанын байқадық», - дегенді анық жазады. Атап айтқанда, Абай әлемін, М.Әуезов ұстанымын, дүниетаным арналарын, мұрағат материалдарын, ауызша-жазбаша дереккөздерін, естелік-әңгімелер сипатын кең көлемде ашады. Қоғамдық құбылыстар мен кезең көріністеріне, дәуір дидарына, әлеуметтік қайшылықтар мәніне, адам мен оның өміріне, оқиғалар өріміне, жекелеген көрініс-суреттерге назар аударады. Нәтижесінде: «...суреткер қолындағы бай мағлұматты мұқият зерттей отырып, ой елегінен өткізеді, өзінің идеялық мақсатына сәйкес қайта қорытады, әрбір кейіпкерге, оқиғаға лайықты көркем қызмет, міндет жүктейді» (сонда).

Жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс мәнін айқындау кезеңінде – көркем бейне мен оның түптұлға (прототип) сипатын өмірде болған жағдаят, оқиға желісі негізінде танып-талдап, композициялық бірлік-тұтастық, болмыс пен мінез категорияларын айқындау тұстарында қайшылықты-кереғар қырларымен тартысқа түсетін, әрекет қимылы мен дараланатын, өзіндік өзгешелігі барын жан-жақты ашып көрсетеді. Атап айтқанда, әсіресе: «...Эпопеяда Абайдың өзін былай қойғанда, Әбіш, Мағаш, Оспан, Базаралы, Тоғжан, Әйгерім, Ұлжан, Құнанбай, Әзімбай, Тәкежан, Оразбай, Бөжей, Жиренше, Майбасар секілді сол дәуірде, сол ортада өмір сүрген прототипі бар кейіпкерлер мейлінше мол. Солармен қатар Дәрмен, Дәркембай, Иса, Иіс, Сейіт, Салтанат секілді түгелдей дерлік ойдан шығарылған кейіпкерлер де аз емес. Және оларды осылайша екі топқа тек шартты түрде бөлуге болады. Өйткені олардың арасынан жарылып айрылғандай пышақ кесті жік табу қиын.

Өмірде болған, прототипі бар деген топқа қосылатын кейіпкерлерді жазушы шығарманың композициялық бірлік-тұтастығын күшейте түсу үшін, немесе олардың мінез-кейпін айқындап аша түсу мақсатымен өзі ойдан шығарған уақиғаларға, талас-тартыстарға да араластырып отырады. Және олар эпопеядағы түгелдей ойдан шығарылған кейіпкерлермен де кездесіп, сөйлесіп, не таласып, не жарасып дегендей әртүрлі қарым-қатнаста көрінеді» (сонда).

Мақалада өмір мен көркем әдебиеттегі заңдылық пен ұқсастықтар сыры – Құнанбай мен Дәркембай, Абай мен Дәркембай бейнелеріндегі байланыс пен қақтығысты тұстар жайы сабақтастықта өріс алады. Өмірдегі адам мен әдеби бейне арасындағы іргелі ізденіс пен зерттеу жүйесі, әрқилы дерек пен материалдар жиынтығы, қимыл-әрекет, талас-тартыс төңірегіндегі мінездемелер де қоғамдық өмірді, заман шындығын, уақыт тынысын, Абай мен оның айналасындағылардың болмысын, дүниетанымын, көзқарас эволюциясын айқындай түсуге мол мүмкіндіктер беретіні кеңінен көрсетіледі. Бастысы, әрине, «Абай жолы» эпопеясында жазушының тарихи, әдеби және басқа материалдардан алған, сондай-ақ өзінің өмір тәжірибесі мен пайымдаулары негізінде түйген ой-пікірлері кейіпкерлер тағдырына табиғи түрде сіңісіп, олардың қайсысын ірі-ірі характер дәрежесіне көтереді. Оқиғаларды өз ара бірлікте, шиеленісу, өрістеу қалпында сәйкес суреттей отырып, автор әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілі боп табылатын кейіпкерлерін жалпы тарихтың, қоғамның даму, ілгерілеу ағымымен шебер байланыстырады, олардың ірілі-ұсақты әрекеттерінің қайсысын да шығарманың түпкі көркемдік мақсатынан өрбітеді». Бұдан басқа, атап айтқанда: «...Эпопеяның текстін автор түгелге жуық қолмен жазып, үнемі түзетіп, толықтырып машинкаға әлденеше рет бастырған. Сонымен қатар жазушының эпопеяның соңғы тұсында келетін бірнеше тарауды, алдын-ала ойша әбден пісіріп алып, кейін машинкаға ауызша айтып жаздырғаны белгілі. Бұл тараулар да кейін мұқият редакцияланып, түзетіліп отырылған.

Жазушының қолжазба архивінде сақталған қысқа ескертпелер, жеке тараулардың ұзын-ырғасын баяндайтын жоспарлар, үзік-үзік ойлар, текстің алғашқы варианттары т.т. жазушы лабораториясының көп сырларын ашады, әшейінде көзге көріне, байқала бермейтін

жайларды танытады, идеялық, мақсаттық көркем шындыққа айналуға негізгі кезеңдерін білуге көмектеседі, автор ойының туу, толысу, өрістеу тұстарын, геройларының және олардың характерлерінің өсу жолдарын аңғартады. Тұтас алғанда мұндай материалдар жазушының эпопеяны жасау мақсатындағы ұлан-ғайыр творчестволық жұмысымен толық танысуымызға жәрдемін тигізеді» (сонда).

Сонымен бірге, мақалада жазушының эпопеяны орыс тіліне аудару кезіндегі шығармашылық ізденіс, Абайдың орыс революциялық, демократияшыл идеяларын – Михайлов, Пушкин, Чернышевский еңбектерімен байланыстыруы, аударма мен түпнұсқа мұраты, мазмұн байлығы, көркемдік қайнары хақындағы ойлар мен толғаныстар кең орын алады. Сондай-ақ, М.Әуезовтің Абай туралы романын алғашқы тұста – «Телғара» атамақшы болғаны, әр жылдар басылымы (1942, 1947, 1950,1952) туралы әр алуан салыстыру-салғастырулар, бағалауларға мән беріледі. Маңыздысы, мақала авторы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясының қолжазба нұсқаларымен танысып, оны мұрағат материалдарымен, ауызша-жазбаша дереккөздерімен салыстыру-салғастыру жұмыстарын жүйелі жүргізіп, нәтижесінде Абай өмірі мен кезеңін, сол дәуірде өмір сүрген кейіпкер – прототиптер төңірегінде де зерттеу-зерделеу бағытында бағалау, қорыту, талдаулар жасалуы - әдеби-ғылыми тұрғыда мәнді, көркемдік-рухани һәм интеграциялық бағыты мен теориялық практикалық аспектілері жағынан маңызды сипаттары да мол. Бұдан байқалатыны, әрине: «...сарқылмас шабыт, дамылсыз творчестволық ізденіс, жазушыны зор табысқа кенелтіп, төрт аяғын тең басқан біртұтас кесек, сом әдеби туынды дүниеге келеді» (сонда).

Анығында, әдебиет зерттеушісі З.Ахметов Абай әлемі мен кезеңіне, М.Әуезов мұраты мен мұрасына әр кез оралып, жіті оқып-танып, нәтижесінде зерттеу жүйесін жаңа бағыт, соны ізденістермен байытып отырғаны айқын аңғарылады. Ол да негізсіз емес еді. Осы орайда, әрине академик С.Қасқабасов айтқандай: «...Мұхтар Әуезовтің эпопеясына қайта соғып, жаңа зерттеу жазды. Ол кітабы 1997 жылы ұлы жазушының 100 жылдығына орай «Роман-эпопея Мұхтара Ауэзова» деген атпен жарық көрді. Бұл еңбек – бұрынғы зерттеудің көшірмесі емес. Ол көп нәрсені қайта қараған, тағы да архивке үңілген, біраз жәйттерді анықтаған. Ең бастысы – алғашқы кітаптағы идеологиялық ұстанымдар жойылған, зерттеуші енді жазушының кейіпкерлері арқылы айтқан өз заманы туралы ой-толғаныстарын ашып көрсетуге тырысқан. Зерттеуші «Абай жолындағы» ең маңызды оқиғаларды бірінен соң бірін талдай отырып, Абай дәуіріндегі әлеуметтік, мәдени, қоғамдық болмыстың қаншалықты көркем дәрежеде көрсетілгенін зерделеген, осы оқиғалар ішінде әрекет етуші кейіпкерлердің әдеби образы қалай бейнеленетінін нақты мысалдарды келтіре, салыстыра отырып баяндаған. Бұл кітапты оқып отырып, «Абай жолын» оқып отырғандай әсер аласың, өйткені З.Ахметов шығарманың ішіне енген, жазушының рухын, психологиясын, ой-сезімін өзінің бойына сіңірген. М.Әуезов суреттеулерін Ахметов іштей жіліктеп, олардың тамырларына бойлаған, соның арасында жазушы мен зерттеушінің ойлары ұштасып, бірін-бірі жалғастырып, нақтылап отырады.

...Абай шығармаларына Зәки аға өте сақтықпен қарайтын. Ұлы Мұхтар Әуезовпен бірге 1957 жылы Абай шығармаларының екі томдық жинағын баспаға даярлап, шығарғаны белгілі. Сонда Мұханның әр сөзге қаншалықты мән бергенін, қандай мұқият текстологиялық жұмыс жүргізгенін өз көзімен көргенін, Мұханның : «Абай өлеңін көбейтеміз деп, көбіктендіріп алмайық. Сақ болыңдар!» деген сөзін жиі айтатын. Мұхтар Әуезов сияқты Абай поэзиясын түгел жатқа білетін Зәкең ұлы ақын шығармаларын 6 рет жинақ етіп құрастырып, ғылыми түрде жарыққа шығарыпты. Осының өзі оны үлкен текстолог-маман ретінде толық мінездесе керек» [3. 19; 45].

Асылы, әдеби шығармашылық, автор мен көркем бейне, идеялық мұрат пен дүниетаным арналары – сөз өнерінің маңызды аспектілері қатарына жатады. Осы орайда, жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс мәніне терең үңілсек, автор мен қаһарман, дүниетаным мәні, көркемдік арналары, өмірлік һәм көркемдік шындық, шығармашылық зертхана, күнделік-хат жазбалары, талант табиғаты мен қалам қуаты, ой-сөз жүйесі, қабылдау мен қорыту кезеңі негізгі назарда тұрады. Авторлық ұстаным, көркемдік идея да

бастапқы бағыт, мақсаттарға қызмет етеді. Академик Ғ.Есім «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы мен ондағы заман шындығы, қоғамдық құбылыстар мен көркемдік кеңістігі хақындағы көзқарас-толғамдарын былай білдіреді: «...Абайға қызмет – кемеңгерлік.

Адамды кемеңгерлікке көтеретін –көркем сана, көркем идея.

«Абай жолы» деген – тұжырым, көркем идея.

«Абай жолы» деген не дегенге келсек, ол – қазақтардың жүріп өткен жолы. Ол жолды көрсетуші – Абай. Сол жолдың мағынасына үніліп, көркем санада бейнелеп, сұрыптап, жұртқа ұсынушы – Мұхтар Әуезов.

...Кемеңгер Мұхтар «Абай жолында» қазақ халқы кім, ол ХІХ ғасырдың екінші жартысында қандай күйге түскен деген сауалдарға мейлінше толық, жан-жақты жауап берген деген сенімдемін.

Романда екі толқын шарпысып қалады. Бірі – Абай және оның заманы, екіншісі – Мұхтар Әуезов және оның өмір сүрген социалистік заманы.

Солай болғанымен, кемеңгер Мұхтар романды «Абай жолы» деп атаған. Ерлікке толы шешім.

Ол – қазақ халқының жүрер жолы, ол жол халықты адастырмайды, ендігі мәселе сол жолға түсе білуде» [4. 9; 23].

Абай айтқан: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», немесе: «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» дегеніне бүгінгі таңда ой көзімен қарасақ, дәуір дидары да, қоғамдық құбылыстар да, адами мұраттар да айқын аңғарылады. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы көркемдік мұрат пен шындық шырағынан да кезең көріністері, қоғамдық құбылыстар, адамдық болмыс пен парыз-қарыздың айшықты-нақышты тұстарын, мың сан үлгі-өрнектерін көрер едік. Осы реттен келгенде, атақты туындыдағы жазушы еңбегі, басты тұлға табиғаты мен тағылымы туралы академик Р.Нұрғали былай деп жазады: «Алаш қайраткерлері ішінде коммунистік террордан тірі қалған жалғыз қазақ Мұхтар Әуезов еді. Ол ұлы толқынның рухани аманатын көркем әдебиетте толық қалдырған бірден-бір қаламгер. Бұл идея, ең алдымен оның басты шығармасы «Абай жолы» романында жүзеге асты.

...Абай бейнесін жасауда ақын өмірінің белгілі оқиғалары кеңінен суреттеледі, оның шығармаларындағы әуез-сарындар, мотивтер, идеялар пайдаланылады. Бірақ жеке өлеңдерге иллюстрация, жаңаша еліктеу, қайта баяндап беру дегеніңіз атымен жоқ. Абай сөздері, диалогтағы, монологтағы лебіздер түп-түгел ақын лексикасын, синтаксисті ескере отырып, тыңнан жасалған.

...Әлем әдебиеті қазынасына қымбат көркемдік-эстетикалық игілік болып қосылған «Абай жолы» эпопеясының шығармашылық тарихында, жазушының ұстаханалық баянында бірнеше оқшау белгілі қасиет-сапа бар.

Қаламгердің болашақ роман қаһармандары, олардың ұрпақ-нәсәлдері ортасында туып, алаңсыз сәбилік, бақытты балалық, бозбалалық күндерін, солар кешкен қат-қабат элеуметтік-психологиялық, тұрмыстық-этнографиялық, табиға-экологиялық қоршауда, қаймағы бұзылмаған көшпелілер мәдениеті құшағында өткізуі бір олжа болса, екінші сәттілік Құнанбай-Әуез, Абай-Оманхан әулеті өзара қыз беріп, қыз алысқан, нағашылы-жиендік орайда туысып, ортақ қуаныш, ортақ қайғы бөліскен, сүйек-шатысты, жүз жылдық күйеулік, мыңжылдық құдалық рәсімін берік ұстанған жақын, бауыр адамдар екендігінде жатыр. Кезінде М.Әуезовтің өзі ескерткендей, бір ру, бір бұтақ болып, біте қайнасып кеткен.

Мұның үстіне жазушы көптомдық шығарма тудыруға бел байлаған соң, өзі бейнелейтін дәуірдің басты кісілері, басты оқиғалары туралы тарихи құжаттарды, сол кезеңді көрген, білген адамдардың жадында қалған, ескі сөздерді арнайы теріп, жинап, екшеп пайдаланған.

Осыларға қоса әлемдік реалистік проза үлгілері, классикалық тарихи романдар тағылымы, қазақ қарасөзінің өз мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылып, терең зерттеліп, автордың эстетикалық мұраттарына бағындырылып, батыл шешіммен, соны шеберлікпен,

қаламгерлікпен нақты тәжірибеде ғажайып жемістерін берді. Сөйтіп, М.Әуезов өнер адамы мен халық тағдырын тұтас бірлікте көрсететін зор реалистік шығарма жазудың жаңа көркемдік мектебін ашты» [5. 195; 198; 201].

Шығармашылық зертхана мен шеберлік сырларын кең көлемде сөз ететін – «Бейнет сусыны» еңбегінде қаламгер-ғалым Т.Жұртбай «Абай жолы» роман-эпопеясының табиғатын, тарихы мен тағылымын, оның өзіндік қыр-сырын кеңінен ашып, жан-жақты сөз етеді: «...Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында 5.200-ден астам кейіпкердің аты кездеседі. Шығармашылықтың азабын былай қойғанда, осыншама адамның атын есте ұстап тұрудың өзіне қаншама жүйке талшығы керек және олар «тыныш жатпайды», өзара күйісіп-сүйісіп, сыбырласып-қыбырласып, айтысып-тартысып, қосылып-ажырасып, өліп-тіріліп жатады. Яғни, дайындық барысы қанша уақытқа, қайталап айтамыз, қанша күнге, айға, жылға созылғанша, ол оқиғалар шығармашылық иесінің түйсігінің түкпірінде ызындайды да тұрады.

...Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасында көркем шындықсыз бір сөйлем жоқ. Бәрі де шындық.

...Мінсіз Абай бейнесін сомдау – Мұхтар Әуезовтің көркем идеясы. Ал көркем идея – тәуелсіз, Абайша айтқанда, «тәңірінің берген сыйы». Тәңірдің берген сыйына ешкім олжа сала алмайды.

...Көркем шындық – суреткердің суреткері ғана қол жеткізетін шындық. Тіпті, талғамы қалыпты қарапайым оқырманның өзі шығармадағы өмірлік шындыққа емес, көркем шындыққа сенеді»[6. 14; 26; 30].

Ақиқатында, Абай мұраты мен мұрасы, М.Әуезов әлемі мен дүниетанымы – ұлт шежіресі, руханият айнасы. Академик З.Қабдолов қағидаты мен қисынына ден қойсақ, қазақ атауының мәні мен көркемдік құбылыстың қайнарына айналғанын аңғарар едік: «... Қазақ халқының паспортына айналған Абай – ақын болса, Әуезов – жазушы. Әрине, бұлардың туған халқымыздың парасат әлеміндегі орны бір ғана әдебиетшіліктен әлдеқайда кең. Бұлар тіпті қазақ деген атаудың синониміне айналып кеткен. Десек те, бұл екеуі, бәрінен бұрын, қаламгер: Абай – ақын, Әуезов – жазушы.

...Абай және Абай жолы – Әуезовтің ойшыл-жазушылық ғұмырының өн бойына желі тартып кеткен күрделі де іргелі тақырып. Себебі, бұл тақырыптың предметі – Абай болғанмен, объектісі – халық.

Ал енді осы тақырып қалай игерілген?

Мұхтар Әуезов, суреткер ретінде, бұл тақырыпқа әуелі пьеса, ізінше либретто, кейін сценарий, осылардың үстіне жеке-дара фабуласы бар «Татьянаның қырдағы әні», яки «Ақын үніне сахара мүлгіді» дейтін новелла жазды; ғалым ретінде, алдымен Абайды көре қалғандар аузынан нақты деректер жинады, әр алуан мақалалар жариялады, содан соң түбегейлі зерттеуге кірісіп, ақынның өмірі мен творчествосынан ғылыми очерктер, ақыр-аяғында келелі монография жазды; ұстаз-профессор ретінде, әдепкіде жалпы қазақ әдебиетінің тарихынан лекциялар оқып, келе-келе Абайдың ақындық бітімін байыптап, ерекшелігін екшеп, хрестоматиялар, оқулықтар жасап, нәтижесінде жоғары мектептерде күні бүгінге дейін үздіксіз үйретіліп келе жатқан «Абайтану» атты арнаулы теориялық курстың негізін салды және оны қазақ университетінде өмірінің соңғы күндеріне дейін оқытты.

Осының бәрі данышпан жазушының бүкіл саналы өмірінің мағынасына айналған ұлы шығармасына жан-жақтан келіп жамырай қосылған алтын арналар – қайнарлар мен құйылыстар еді» [7. 289; 296].

Демек, жазушы еңбегі нәм шығармашылық үдеріс мәселесі, автор мен тұлға табиғаты, дүниетаным мен көркемдік кеңістігі әр кезде-ақ арналы ағыс, мәнді құбылыс, айрықша сипатты сырлы әлем болғаны байқалады. Мұның мәнісі: «...Бір нәрсе ақиқат: жазушылық – бас тарта алмайтын қасиет, айналып өте алмайтын қасірет. Ол қасиет кімге қонды, демек, сол адам жазуға тиіс. Өйткені, бастың сақинасы мен асқазанның түйіткілін тек жазу ғана жеңе алады. Ол қасіреттен жазып қана құтыла алады» (Г.Г.Маркес).

Мұның әдеби шығармашылыққа да қатысы бар. Атақты қаламгерлердің басты тақырып, шығармашылық ерекшелік пен негізгі ұстанымдарын айқындау арқылы да зерттеп-зерделеу жайын кеңірек қозғауға болады. Жазушы еңбегі де осы тұстан жарқырай көрінері хақ. Айқынырақ айтсақ: «...Қазіргі қазақ прозасында екі өлшем ғана бар деп түсінем. Бірі – Әуезов өлшемі, екіншісі – Кекілбаев өлшемі. Көркем туындылардың әдеби құндылығын таразылығында осы екі өлшеммен өлшесек, ешқашан жаңылыспаймыз, барар бағытымыз, шығар шыңымыз да анық болмақ» [8].

Әдеби шығармашылықта, атап айтқанда жазушы еңбегі мен дүниетаным арналарын, көркемдік мұрат пен таным арналарын айқындау тұстарында бұл да назарда болар, есте ұстар, ойда жүрер жайлардың бірі.

Тұтастай алғанда, академик З.Ахметов жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс сипатын еркін де кең түрде ашады. Абай әлемі, әсіресе академик-жазушы М.Әуезовтің бас кітабы - «Абай жолы» қалай туған?» деген мақала-зерттеу аясында байланыс-бірлікте өрістетіп, біліми-ғылыми тұрғыдан тиянақтап, ауызша-жазбаша дереккөздері мен материалдар жиынтығы негізінде саралап, сабақтастықта сөз етеді. Бұл реттен алғанда, аталмыш зерттеу мақала іргелі ізденістерімен, байыпты бағалауларымен, терең мәнді талдауларымен назар аудартады. Мақала авторы туынды табиғатына енеді, ішкі-сыртқы жайттарды назарға алады, көркемдік мұрат пен шындық һәм шеберлік сабақтарына ден қояды. Автор ұстанымын айқындайды. Сондай-ақ, тақырып табиғатын кең түрде ашатындықтан, ғылыми-теориялық тұрғыдан мәнді, көркемдік-рухани нәрі құнды, эстетикалық-танымдық сипаты жоғары, тәлімдік-тағылымдық қыры әр алуандылығымен есте қалады. Демек, академик З.Ахметовтің зерттеу еңбектері, оның ішінде жазушы шеберханасы, шығармашылық үдеріс мәселесін кеңінен қарастыруы тақырыптық ерекшеліктерімен қатар, жанр жүйесін, көркемдік арналарды біліми-ғылыми қырларымен сабақтастықта сөз етуі-ашуы маңызды мәнге ие болады.

Жалпы, академик З.Ахметовтың «Абай жолы» қалай туған?» деген зерттеу мақаласының тұтас табиғатынан Абай әлемі мен мұраты, М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы, бастысы «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы, материал жинау мен жариялау жайы, ауызша-жазбаша дереккөздерінің мән-маңызы, мұрағат пен кітапхана қорлары, көркемдік қабылдау мен қорыту кезеңі, қоғамдық орта мен заман шындығы, кейіпкер мен оның прототиптері төңірегіндегі ойлар мен толғаныстары дәлелді дәлдік, шынайы шындықтарымен маңызды болып табылады. Сондай-ақ, қолжазба мен қолтаңба мәнері, көзқарас эволюциясы, мәтін құбылысы, диалог қызметі, ой-сөз жүйесі, тіл мен стиль сипаттары т.с.с. әр қырынан ашылып, әдеби-ғылыми мәні, теориялық-практикалық аспектілері жан-жақты сөз болады. Әрі байқалатыны, мақала авторы «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу-жариялану тарихын, басты тұлға төңірегіндегі материалдар жиынтығын жіті зерттеп-зерделеу, талдап-саралап, мысал-деректермен байытып, жаңашыл бағыттарды ұстанып, сәйкесінше сабақтастықта, тұтастықта танып, кешенді түрде қарастырғанын аңғарар едік. Академик-жазушы М.Әуезовтің басты туындысының («Абай жолы») әдеби рухани мәнін, ғылыми-теориялық аспектілерін де осы бағытта өрістетіп, жаңа уақыт талаптарын, аңығында тақырыптық ерекшелік, жанр жүйесі мен көркемдік кеңістігін, эстетикалық құндылықтарын, ондағы өзіндік ізденіс, көзқарастарын қалың көпшілікке қонымды да мәнді, жүйелі жеткізеді.

Бұдан байқалатыны, академик З. Ахметов ізденісі мен зерттеулер жүйесі, әсіресе М. Әуезовтің шығармашылық мұрасын танып-талдау ісінде, атақты туындысы – «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу һәм жариялану тарихын зерттеп-зерделеу мұраттарын тақырыптық ерекшелігімен, көркемдік өріс арналарына еркін еніп, кең түрде қарастырып, әдеби-теориялық талаптар тұрғысында мән беруі, байыпты бағалауы мәнді сипат алады. Автор ізденісі мен зерттеу мәні де терең танылады. Шығармашылық зертхана, жазушы еңбегі мен психологиясы, өмір шындығы мен көркемдік шешім сипаттары, көркемдік қабылдау мен қорыту үдерісі, қолтаңба мен қолжазба ерекшеліктері т.т. кең орын алады. Еске алсақ, әдеби шығармашылық һәм жазушы еңбегі, ондағы зертханалық үдерістің қырлы-

сырлы тұстары қай кезеңде де назардан тыс қалған емес. Адам әлемі мен мұратын, өмір құбылысы мен шындық сипаттар мәнін, көркемдік кеңістігінің өрісті-өрнекті тұстары да жазушы еңбегі мен шығармашылық зертхананың басым бағыттарын құрайды. Руханият мәні, шығармашылық үдеріс, көркемдік нәрі, шеберлік сырлары да осы тұстан танылады. Анығында: «...Жазушылықтың азап екенін сезінбей, шын жазушы бола алмайсың!» (Ә. Тарази), «Жазушылық – адамтану ғылымы. ...Өзің қандай болсаң, жазуың да сондай болмақ. Адамдық негізі – өзіңнен басталсын» (М. Мағауин).

Академик З.Ахметовтың «Абай жолы» қалай туған?» деген зерттеу мақаласының тақырыптық маңызы, ізденіс-салыстыру сипаттары, танып-талдау мәнері, зерттеп-зерделеу ісіндегі өзіндік қолтаңбасы, білімі-ғылыми құндылығы, әдеби-рухани байлығы, көркемдік мәні осында екені анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қаз Ақпарат, 2009. – 658 бет
2. Ахметов З. «Абай жолы» қалай туған? // «Қазақ әдебиеті», 1984, 27 қаңтар
3. Қасқабасов С. Әлем таныған академик. – Алматы: Арда, 2013. - 48 бет
4. Есім Ғ. Кемеңгер Мұхтар. – Астана: Хас-Сақ, 2017. – 320 бет
5. Нұрғали Р. Алаштың бас шығармасы. Кітапта: Толғауы тоқсан қызыл тіл. – Алматы: Үш Қиян, 2009.– 304 бет
6. Жұртбай Т. Бейнет сусыны. – «Жұлдыз», 2016, № 10. - 3-30 беттер
7. Қабдол З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 352 бет
8. Сарай Ә. Жайдары Әбіш, жабырқау Әбіш...// «Егемен Қазақстан», 2017, 5 қазан

ӘОЖ 82.02

АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мүтиев З.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, филол.ғ.д.

Орал қ., Қазақстан

E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

Аннотация. Статя посвящена анализу заслуг выдающегося представителя казахской литературоведения, доктора филологических наук, академика НАН РК Захи Ахметова в изучении казахской поэтической системы слов. Мы можем найти в этой научной статье, насколько решены теоретические проблемы казахской поэзии в целом при изучении и проверке З. Ахметова. Автор в основном делает акцент на выводах исследователя о том, как он смог научно разграничить художественную таблицу, характерные для него многообразные черты, не подчиняющиеся строгим принципам теории литературы, не поддающиеся логике. В статье акцентируется внимание на том, что З. Ахметов еще больше углубляет рассуждения исследователей, опираясь на мыслительные аргументы абаеведов в изучении нового аспекта языка Абая в стихотворении нации.

Ключевые слова: З.Ахметов, поэзия, теория литературы, жанр, форма.

Abstract. The article is devoted to the analysis of the merits of the outstanding representative of Kazakh literary studies, Doctor of Philology, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Zahi Akhmetov in the study of the Kazakh poetic system of words. We can find in this scientific article how the theoretical problems of Kazakh poetry as a whole have been solved in the study and verification of Z. Akhmetov. The author mainly focuses on the researcher's conclusions about how he was able to scientifically distinguish the artistic table, its characteristic diverse features that do not obey the strict principles of literary theory, defying logic. The article focuses on the fact that Z. Akhmetov further deepens the reasoning of researchers, relying on the mental arguments of Abai scholars in the study of a new aspect of the Abai language in the poem of the nation.

Keywords: Z.Akhmetov, poetry, theory of literature, genre, form.